ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

«ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕРДЕГІ БИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ» атты
биология пәнінің мұғалімдеріне арналған республикалық
оқу-әдістемелік білім беру семинар

МАТЕРИАЛДАРЫ

17-18 наурыз 2017 жыл

МАТЕРИАЛЫ

республиканского учебно-методического обучающего семинара
«БИОЛОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ»
для учителей биологии

17-18 марта 2017 года

Алматы 2017

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Ерназарова Г.И., Нармұратова М.Х.
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

Елімізде оқушыларға арналған конференциялар саны жыл сайын артып келеді. Бұл жағымды үдеріс, себебі бүгінгі таңда әр оқушы өзінің ғылыми жұмысын ұсыну үшін конференция таңдау мүмкіндігіне ие.

Оқушылардың барлық ғылыми-практикалық конференциялары МЖББМ көздеген пәндік, метапәндік және тұлғалық нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған. Биология пәні бойынша ғылыми-практикалық конференциялардың мақсаты – оқушыларға биология саласындағы ғылыми жұмыстарының нәтижелерімен бөлісу.

Конференция мақсаты мен міндеттері конференция туралы ережеде сипатталады. Конференцияның ерекшеліктері, талаптары, шарттары, мерзімдері мен басқа сипаттамалары көрсетіледі.

Мектеп оқушыларының ғылыми-практикалық конференциясын өткізу нұсқалары көп. Қазіргі уақытта тіпті қашықтықтағы конференциялар немесе олардың жекелеген кезеңдері де өткізіледі. Біз осындай конференцияны өткізудің жалпы ережелері мен нұсқаларының бірін қарастырамыз.

Жалпы ережелер:

1. Конференция білім беру мекемесінде көптеген оқушылардың қатысуын көздейді, демек, қауіпсіздік шаралары күшейтілуі тиіс.
2. Конференция, барлық қатысушылар үшін орын мен сөзге берілетін уақыт жеткілікті болатындай етіп ұйымдастырылуы тиіс.
3. Балалармен ілесіп келген тұлғаларда балаларды күту уақытын пайдалы жұмсау мүмкіндігі болу керек (әділқазылар жұмысына қатысу, қорғауға қатысу, концерт, фильм және т.с.с.).
4. Конференция оқушылар үшін өткізіледі, сондықтан конференцияның барлық қатысушылары мадақтау алуы керек.
5. Егер конференция күні бойы өтетін болса, онда балаларды тамақпен қамтамасыз етуді қарастыру керек.
6. Алдын-ала қосымша сыйлықтар, грамоталар, сертификаттар қорын жасау қажет.
7. Аппеляциялық комиссия құрамын құру керек.
8. Пікірлер кітабын көрінетін орынға қою қажет.
9. Әділқазы мүшелеріне жұмысы үшін алғыс айту міндеттеледі.
10. Конференция мазмұнын, ұйымдастырылуы мен нәтижелерін міндетті түрде талданады.

Конференцияны дайындау. Дайындау кезеңінде конференцияның мақсатты міндеттері, оның барысы, жоспарланатын нәтижелер ойластырылады. Конференцияға қатысуға ниет білдірген өтінімдерді қабылдауға сәйкес сыйлықтар, сертификаттар, грамоталар, дипломдар, медальдар мен т.с.с. дайындалуы тиіс. Егер қатысушылар жұмыстарының тезистер жинағын тапсыру жоспарланса, онда жинақ алдын-ала шығарылады.

Конференцияға қызмет көрсету және өткізу міндеттері оқытушыларға жүктеледі.

Конференцияны өткізу. Конференция қатысушыларды қарсы алу мен тіркеуден басталады. Тіркеу үстелдерінің жанына ақпарат стенді орнатылады, онда конференция регламенті, әділқазылар нұсқамасы, секция жұмыстары және т.б. ақпарат орналастырылады. Анықтама үстелі жұмысын да ұйымдастыруға болады.

Ашылу салтанаты – ол қатысушыларды табысқа уәждейтін жарқын шара. Сөз тиісті регламентті сақтай отырып, қысқа және эмоционалды болу керек.

Сонымен қатар, секциялар жұмысының регламенті, сөздерді бағалау критерийлері, жеңімпаздарды анықтау тәсілі жарияланады. Барлық әділқазы мүшелеріне арнайы ескертпелер беруге болады.

Секциялар жұмысы – ол мектеп оқушыларының ғылыми-практикалық конференциясының негізгі кезеңі. Секция жұмысын ұйымдастырушылардың маңызды қызметі – конференция ұзаққа созылып кетпес үшін, жұмыс регламентін сақтауды қадағалау.

Секция төрағасы қатысушыларды қарсы алып, зерттеу жобаларын қорғауды жүргізу және бағалау тәртібімен қысқаша таныстырып шығады. Регламентті сақтауға ерекше көңіл аударады. Әділқазы мүшелері секцияның жұмысы барысында хаттама жазып, барлық ұсынылған жобаларды бағалау керек.

Секция жұмысын қорытындылау үшін үзіліс жарияланады. Бұл кезде әділқазы мүшелері жұмыстарды бағалап, жеңімпаздарды анықтап, ұсыныстар әзірлейді. Қорытындылар секция қатысушыларына біраз үзілістен кейін жарияланады. Әділқазы мүшелері зерттеу жобаларын қорғау хаттамаларын ұйымдастыру комитетіне өткізеді, содан кейін жеңімпаздарды марапаттау үшін материалдарды дайындайды (грамоталар, дипломдарды толтырады, сыйлықтарды, медальдарды және т.с.с. бөледі).

Ұйымдастыру комитеті жеңімпаздарды анықтағанға дейін конференция қатысушыларына арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырылады. Конференция марапаттау рәсімімен аяқталады. Барлық жеңімпаздардың аты аталуы тиіс. Егер жеңімпаздар өте көп болса, онда оларды топтар марапаттауға болады (мысалы, мектептер бойынша).

Біз мектеп оқушыларының ғылыми-практикалық конференциясының бір нұсқасын қарастырдық. Осындай шараларды ұйымдастыру формалары көп. Олармен осындай конференциялар өтікізілетін білім мекемелерінің сайттарынан танысуға болады.

Әдебиеттер

1. Галеева Н.Л. Материалы курса «Завуч и учитель как субъекты управления качеством образовательного процесса»: Лекции 5-8. – М.: Педагогический университет «Первое сентября», 2007.
2. Масюкова Н.А. Культура личности субъекта в научно-исследовательской деятельности / / Педагогика. – 2008. - №1.
3. Меламуд В.Э., Познякова И.Я. Лингва – 2009. Тезисы докладов XI Московской городской научно-практической конференции старшеклассников на 4 иностранных языках. АНО «Информационно-издательский центр ДС», 2009.

Торманов Н.Т., Тулеуханов С.Т., Аблайханова Н.Т., Кулбаева М.С. Дамыта оқыту технологиясын физиология, биофизика және хронобиология пәндерінде қолдану жолдары 136

Аблайханова Н.Т., Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н.Т., Басығараев Ж.М., Атанбаева Г.Қ., Жаманбаева Г.Т. Кредиттік оқыту жүйесінде оқыту үрдісінің тиімділігін арттыру мәселелері 139

Ыдырыс Ә., Абылайханова Н.Т., Мухитдинова Т.М., Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н.Т., Басығараев Ж.М. Шет елден келген студенттерді университет жүйесінде бейімдеу мәселелері 140

Торманов Н.Т.,Аблайханова Н.Т, Уршеева Б.И. Сөж – білім сапасын арттырудың кепілі 142

Жубаназарова Н.С., Мухитдинова Т.М. Методы совершенствования самостоятельной работы студентов в условиях кредитной системы обучения 143

Еланцев А.Б., Щвецова Е.В., Аблайханова Н.Т. Проблемы подготовки биологов при дистанционный форме обучения 144

Еланцев А.Б., Маутенбаев А.А., Атанбаева Г.К., Құрманалиев С.Қ. Использование методов дистанционного образования в подготовке специалистов по специальности «Физическая культура и спорт» 145

Mautenbaev A.A., Suleimenova R.A., Moldakhanova L., Bekebayeva M. O. Results for the use of case-study method in teaching «Zoology» secondary schoolchildrens 146

Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н.Т., Тулеуханов С.Т., Абылайханова Н.Т., Уршеева Б.И., Ыдырыс А., Ахметова А.Б. Инновациялық іс-әрекетті педагогтың жүзеге асыру ерекшеліктері 147

Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н.Т., Атанбаева Г.Қ., Абылайханова Н.Т., Уршеева Б.И., Ыдырыс Ә. Білім беру сапасын бағалауды құзыреттілік тұрғыдан қарастыру 150

Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н.Т., Кулбаева М.С., Абылайханова Н.Т., Атанбаева Г.К., Кульмаханбетова Т.К. Специфика использования системного дистанционного обучения 152

Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н.Т., Кулбаева М.С., Абылайханова Н.Т., Кульмаханбетова Т.К. Содержание научно-исследовательской работы студентов 154

Ерназарова Г.И., Нармұратова М.Х. Мектеп оқушыларының ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастыру технологиялары 157